



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына***2023 жылғы 31 мамырдағы № ДС-213 хатқа***Құрметті депутаттар!**

Құрылыс саласындағы бақылауды қатаңдатуға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Ағымдағы жылдың сәуір айында қабылданған Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мәселелері жөніндегі заң шеңберінде кешенді қала құрылысы сараптамасы енгізілді, ол бойынша барлық қала құрылысы құжаттары (*бас жоспарлар, егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарлары және т.б.*) «Мемсараптама» РМК-да сараптамадан өтеді.

Бұл жоспарлау кезеңіндегі ауытқуларды және қала құрылысы жобаларын негізсіз түзетуді (*аумақтарды салу кезінде нормаларды сақтау, көгалдандыру жөніндегі нормаларды сақтау, санитарлық-қорғау және экологиялық талаптардың ауытқуына жол бермеу және т.б.*) болдырмауға мүмкіндік береді.

Жеке сараптамалардың көптеген бұзушылықтары анықталғандықтан, қазіргі уақытта ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларына, адамдардың бір мезгілде көп болуымен әлеуметтік объектілер мен ғимараттарға мемлекеттік сараптама жүргізуге қайтару бөлігінде өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сондай-ақ Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің қағидаларында (*2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрық*) және әзірленіп жатқан Құрылыс кодексінің ережелерінде қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту кезінде қоғамдық талқылауларды (*отырысты ЖАО өткізеді, оның қорытындысы бойынша хаттамалық шешім қабылданады*) өткізу жөніндегі нормалар, сондай-ақ оларды келісуді санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және төтенше жағдайлар органдарының құзыретіне енгізу көзделген.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Қоғамдық кеңестер туралы» заңдар шеңберінде жергілікті атқарушы органдар қала құрылысы жобаларын талқылау үшін қала құрылысы кеңестерін құра алады.

Бұдан басқа, құрылыс саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту үшін «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында «жедел ден қою шарасы» жаңа бақылау тетігін енгізу жөніндегі нормалар көзделген.

Бақылаудың жаңа нысаны *(ақпараттық жүйелердің деректері, БАҚ-тағы хабарламалар, жүргізілетін мониторинг және т.б. негізінде)* құрылыстың сапасына уақтылы инспекция жүргізуге және бұзушылықтардың жолын кесуге *(құрылыс-монтаждау жұмыстарын тоқтата тұрудан бастап рұқсат беру құжаттарынан айыруға дейін)* мүмкіндік береді. Заң жобасын қабылдау ағымдағы жылы күтілуде.

«ҚР кейбір заңнамалық актілеріне құрылыс саласын жетілдіру және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы шеңберінде МСҚБ органдарының камералдық бақылауы мен жауапкершілігін күшейтуге, құрылыстың басталуын рұқсат құжаттарынан болдырмауға мүмкіндік беретін түзетулер көзделген.

Өз кезегінде, құрылыс рәсімдерінің ашықтығын арттыру мақсатында құрылыс субъектілерінің *(тапсырыс беруші, мердігер, авторлық және техникалық қадағалаулар және басқалар)* күнделікті жұмысын автоматтандыруға және бақылаушы органдарға бұзушылықтар туралы сигнал беруге мүмкіндік беретін «eQurylus» бірыңғай ақпараттық жүйесі енгізілді.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта «объектілерді жоспарлы инспекциялау» тетігін енгізе отырып, құрылыс және пайдалануға қабылдау сатысында мемлекеттік бақылауды күшейту бойынша заңнамаға түзетулер енгізу, сондай-ақ сәйкестік және дайындық туралы қорытынды бере отырып, объектілерді пайдалануға қабылдауда МСҚБ органдары мен басқа да мүдделі органдардың қатысуы мәселесі талқылануда.

Жоғарыда аталған тәсілдер мен құрылыс саласында қабылданып жатқан шаралар өндірістік процестердің ашықтығын қамтамасыз етуге, бақылауды қатаңдатуға, құрылысқа қатысушылардың сапасы мен жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды *(бұдан әрі - ИКИ)* жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелеріне *(бұдан әрі – ЖТҚ)* жеткізу мәселесіне қатысты мыналарды атап өтеміз.

2022 жылы нақтылаулар мен түзетулерді ескере отырып, ИКИ құрылысына жалпы сома 116,4 млрд теңгені құрады, оның 51,8 млрд теңгесі ЖТҚ үшін ИКИ жер учаскелерін қамтамасыз етуге бағытталды. Осы қаражат есебінен 49,6 мың жер учаскесін қамтамасыз ету жоспарланды.

Жыл қорытындысы бойынша игеру 48,7 млрд теңгені немесе 94% құрады. Бағаның өсуіне және жобаларға тиісті түзетулерге байланысты осы қаражат есебінен тек 24,9 мың жер учаскесі ғана ИКИ-мен қамтамасыз етілді. Қалған учаскелер ағымдағы жылы республикалық және жергілікті бюджеттерден қосымша қаржыландыру есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Жалпы, сараптама және құрылыс саласын жетілдіру мәселелері бақылауда.

Р. Скляр



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам
Мажиліса Парламент
Республики Казахстан**

на № ДС-213 от 31 мая 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос касательно ужесточения контроля в сфере строительства, сообщаем следующее.

В рамках принятого в апреле т.г. Закона по вопросам цифровизации государственных услуг в сфере земельных отношений внедрена комплексная градостроительная экспертиза, по которой все градостроительные документы (*генеральные планы, планы детальной планировки и др.*) будут проходить экспертизу в РГП «Госэкспертиза».

Это позволит предотвратить отклонения на этапе планирования и необоснованную корректировку градостроительных проектов (*соблюдение норм при застройке территорий, нормы по озеленению, недопущение отклонений санитарно-защитных и экологических требований и др.*).

В связи с выявленными многочисленными нарушениями частных экспертиз, в настоящее время ведется работа по внесению изменений в Правила определения общего порядка отнесения зданий и сооружений к технически и технологически сложным объектам, в части возврата в ведение государственной экспертизы социальных объектов и зданий с многочисленным одновременным пребыванием людей.

Также, Правилами Министерства индустрии и инфраструктурного развития (*Приказ №505 от 30 сентября 2020г.*) и положениями разрабатываемого Строительного кодекса предусмотрены нормы по проведению общественных обсуждений (*заседание проводится МИО, по итогам которого принимается протокольное решение*) при разработке, согласовании и утверждении градостроительных проектов, а также наделению компетенцией органов санитарно-эпидемиологической экспертизы и чрезвычайных ситуаций по их согласованию.

Наряду с этим, в рамках законов «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и «Об общественных советах» местные исполнительные органы могут создавать градостроительные советы для обсуждения градостроительных проектов.

Кроме того, для усиления государственного контроля в строительной сфере, законопроектом «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам ведения бизнеса» предусмотрены нормы по

внедрению нового механизма контроля «мера оперативного реагирования».

Новая форма контроля позволит *(на основе данных информационных систем, сообщений в СМИ, проводимого мониторинга и т.д.)* своевременно проводить инспектирование за качеством строительства и пресекать нарушения *(от приостановки строительно-монтажных работ до лишения разрешительных документов)*. Принятие законопроекта ожидается в текущем году.

В рамках законопроекта «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам совершенствования сферы строительства и долевого участия в жилищном строительстве» предусмотрены поправки, которые позволят усилить камеральный контроль и ответственность органов ГАСК, исключить начало строительства без разрешительных документов.

В свою очередь, в целях повышения прозрачности строительных процедур внедрена единая информационная система «eQuerylys», позволяющая автоматизировать ежедневную работу субъектов строительства *(заказчик, подрядчик, авторский и технический надзоры и другие)* и сигнализировать контролирующим органам о нарушениях.

Помимо того, в настоящее время обсуждается вопрос внесения в законодательство поправок по усилению государственного контроля на стадии строительства и приемки в эксплуатацию с внедрением механизма «планового инспектирования объектов», а также участием органов ГАСК и других заинтересованных органов в приемке объектов в эксплуатацию с выдачей заключения о соответствии и готовности.

Вышеперечисленные подходы и принимаемые меры в строительной отрасли позволят обеспечить прозрачность производственных процессов, ужесточить контроль, повысить качество и ответственность участников строительства.

Относительно вопроса подведения инженерно-коммуникационной инфраструктуры *(далее - ИКИ)* к земельным участкам под индивидуальное жилищное строительство *(далее – ИЖС)* отмечаем следующее.

В 2022 году, с учетом уточнений и корректировок, общая сумма на строительство ИКИ составила 116,4 млрд тенге, из них 51,8 млрд тенге были направлены на обеспечение ИКИ земельных участков под ИЖС. За счет данных средств планировалось обеспечить ИКИ 49,6 тыс. земельных участков.

Освоение по итогам года составило 48,7 млрд тенге или 94%. В связи с ростом цен и соответствующих корректировок проектов за счет данных средств было обеспечено ИКИ только 24,9 тыс. земельных участков. Оставшиеся участки будут обеспечены в текущем году за счет дополнительного финансирования из республиканского и местного бюджетов.

В целом, вопросы по совершенствованию сферы экспертизы и строительства находятся на контроле.

Р. Скляр